

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ынтымақ- достық кепілі

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.03.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/37305/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Мақсаты: 1- мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйге, қорғауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: плакат, нақыл сөздер, еліміздің рәміздері, әр ұлттың киімі, гүлдер.

Барысы:

Мұғалім: «Бірлік бар жерде бақыт бар»

«Ынтымақ-достық кепілі»

Отан- әр адамның жүрегіне жылы тиер қасиетті сөз. Адам жүрексіз өмір сүре алмайды. Отан- біздің туған жеріміз, өзіміздің туған- туысқанымыз, дос- жаранымыз бен тұратын еліміз.

Біздің Отанымыз- Қазақстан.

Бүгінгі Қазақстан дүние жүзіндегі көптеген мемлекетер таныған ел. Оның өз Елтаңбасы, Туы, Әнұраны бар. Еліміз өз егемендігін, тәуелсіздігін 1991 жылы 16 - желтоқсанда алды.

Оқушы:

Тәуелсіздік кіндігін

Кескен халық бірлігі.

Ынтымағы барша ұлттың

Нұрын шашқан күн бүгін.

Әнұраным- біздің Отанымыздың салтанатты үні. Өр үні. Өміршең үні. Оның қалықтай

көтерілген әуеніне туған жердің рухы мен сазы шымырлай шалқиды. Кеудені мейірлі мақтанышқа бөлейді, арманыңды аялай самғады.

Қазақстан Республикасының әнұраны орындалады.

Елтаңбам қандай тамаша!

Елтаңбамызға көз салсақ ортада қазақтың қарашаңырағы, күн сәулесіндей уықтар шашырай шапағын шашқандай, екі жақтағы қанатты пырақтар арынды да қарымды, жоғарыда бес бұрышты жұлдыз жарқырайды. Жарығымен «Қазақстан» жазуы жарқырай түскендей.

Оқушы:

Елтаңбасы елімнің

Неткен әйбат әдемі.

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі.

Жалауыма қарасам көңілімді мақтаныш кернейді. Ол шарықтайды, көңіл қалықтайды. Жалауым- жасыл байрағым, әлемнің барша елдерімен терезе теңестіріп, асқақ желбіреп тұр.

Оқушы:

Жарасқан байрақтың мәні бар,

Көк аспан, күн- қыран сәні бар.

Көк байрақ ашық күн кеңісім,

Алтын күн белгісі жеңістің.

Арқаның қақ төріне қоныс тепкен құт мекеннің құйқасы құнарлы, төскейі шұрайлы.

Осынау өлкеде жас қала бас қалаға айналды. Келбетіне көрік қосты, келешегіне сенім әкелді. Зәулім үйлер көбейді, оқтай тұзу даңғылдары ұзарды. Шаңырағы биіктеп, шаттығы әуелеген қала күннен өсіп келеді. 1997 жылы Ақмола мекені Астана шаһарына, Елордасы Астана қаласына айналды. Қазақстан Республикасының өмірінде бұл – төртінші астана. Алғашқы астанасы- Орынбор қаласы, екінші астанасы- Қызылорда қаласы, үшінші астанасы- Алматы қаласы болса, төртінші астанасы осы Астана қаласы болып отыр.

Оқушы:

Заман жаңа, ел жаңа,
Күлімдейді кең дала,
Өз Астанам- өз Ордам,
Сүйенерім сен ғана !

Далам! Кең –байтақ. Сондықтан ғой, күмбір-күмбір көне күй мен толғауы тоқсан жырларымызда- «Ұшса құстың қанаты талады, шапқан аттың тұяғы тозады, Атырауы – айшылық, Қаратауы толғаған.»

Оқушы:

Көрікті өлкеме қарашы,
Тізілген орман- тау, қаласы.
Алтай мен Атырау арасы,
Қазақтың кең- байтақ даласы.
Республика халқының саны 15 миллиондай.

Жергілік ұлт қазақтармен бірге басқа да 130-дай ұлт өкілдері тұрады. Мұнда ұлтына, нәсіліне қарамай барлық халық өкілдері бір-бірімен туысқандай болып кеткен. Қазақстанның шаруашылығы мен мәдениетін дамытуға барлық ұлт өкілдері белсене қатысып, бірлесе еңбек етіп келеді. Сондықтан 1- мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні болып аталады. Бүгінгі жиналған ұлт өкілдері өздерінің бірлік, достық мерекесін тойламақ.

Оқушы:

Ақ қара деп алдымен,
Елім бөлмес адамды,
Дәстүр, өнер, салтымен
Таңқалдырған ғаламды.

Оқушы: Жырласа қазақ, түркімен,

Молдаван, тәжік үн қосқан.
Дос жүректер біріккен,
Мейірлері жарасқан.

Оқушы: Тыңда, тыңда, тыңда мені,

Ұлы жұртым орыс халқым.

Сен тербетіп өсіргенсің,

Сенің даңқын, менің даңқым.

Оқушы: Кім сүймейді ет жақынын, туысқанын,

Украина туысымның бірісің.

Тұрды биік туымыздай бұл достық,

Ел басына төнгенде де ұлы сын.

Ән: «Ел қорғауға әзірміз»

Оқушы: Қадірменді бір досымыз- өзбегім,

Қалтқысы жоқ демің бейне өз демім.

Өз сөзімдей жаңға жайлы сөздерің,

Өз көзімдей күлімдейді көздерің.

Дәм тұзымыз араласпыз әріден,

Дастарқандар жайылады сәнімен.

Палауыңмен бесбармағым сыбайлас,

Кезек жейміз алма, өрік дәміңнен.

Түрік биі:

Оқушы: Жолым түсіп, тағдыр талап,

Грузин дос болдым қонақ ,

Қазағымдай кең пейілің,

Дастарханды жайдың мол- ақ.

Оқушы: Қазақ, қырғыз бір сананың егізі,

Екі жұрттың бірге екен негізі.

Қазақ озса – ол қырғыздың мерейі,

Қырғыз озса- ол қазақтың жеңісі.

Қазақ- қырғыз туыссыңдар , доссыңдар,

Бір тамырдан сендер өскен қос шынар.

Дос туыстар көп болса да дүниеде,
Нақ сендердей нағыз туыс жоқ шығар.

Оқушы: Онша үлкен болмаса көлемі

Әжірбайжан, Әзірбайжан ағайын,

Тағы сені құшып сүйгім келеді.

Көрініс: «Қырғыз бен грузин айтысы».

Қырғызға таңырқай қараған грузин қырғыздан:

— Сенің ұлтың кім?

— Қырғыз.

— Сен қырғыз болсаң өз еліңе неге бармайсың?

— Менің өз елім – Қазақстан.

— Жоқ сен Қырғызстанда тұруың керек!

— О не дегенің! Мен Қазақстанда тұрамын.

Мен Қазақстанды өз отаным деп білемің.

— Сен өз еліңе қалайда кетуің керек?

— Ал сен грузинсің ғой! Сен мұнда не істеп жүрсің?

— Сен де өз еліңе бар! (осылай дауласып жатқанда, қазақ жігіті келеді)

— Балалар осыншама неге дауласып, жатырсыңдар? Менің білгім келеді.

— (Екеуі қосарлана) Біз әрқайсымызды өз еліңе бауырың керек деп жатырмыз. Қайсымыздың кетерімізді білмейміз.

— О не дегендерің! Біздің Отанымыз Қазақстан көп ұлт мекендейтін мемлекет емес пе? Мұнда қырғыз да, грузин де, орыс та тағы басқа тұра береді. Тұрғанда тату-тәтті тұрып жатыр, ал сендер дауласасыңдар келіп. Олай болса, біз де неге дос болмасқа! Қане, салыңдар қолдарыңды!

— Жарайды, жарайды! (Келісіп қолдарын салады).

— (Бірге қосылып) **Біз доспыз, біз әрқашан біргеміз.**

Оқушы: Белоруссия – жайқалған жасыл орман.

Жасыл орман – мәңгі жасыл арман.

Шетінен ойшыл келер армандары –
Қойнында сан ұрпақтың жасы қалған.

Оқушы: Кім білмес қазағымның қою шайын,

Жал-жая, қазы-қарта, құрт пен майын.

Ақ тілекпен әрбір келген қонағына,

Құрметпен шығаратын төрі дайын.

Келіңіз ұсынамын төрден орын,

«Досым» деген адамға міне қолым.

Әр қазақтың жүрегінде осы тілек,

Адамзат, оң сапарда болсын жолың.

Ойын: «Хан талапай».

— Қазақтың жаңа жыл мейрамы?

— Ұлттық тағамдарды ата?

— Қазақтың ұлттық киімдері қандай?

— Ұлттық аспаптарын ата.

Оқушы: Бірлігі мен ынтымағы халықтың,

Көзімізде жарқырайды жарық күн,

Ырыс, дәулет, бақыт үшін халықтың,

Жайнай берсің, жайнай берсін жарық күн.

Оқушы:

Тірлігімен адам байлық жасады,

Бірлігімен асулардан асады.

Адал жандар жер – ананы қорғаңдар,

Абайлаңдар бейбітшілік жасағы.

Оқушы: Достық бізге тым ыстық,

Бірлік – байлық, ырыс – құт.

Жарқырасын күніміз,

Жаса, жаса тыныштық

Ән: «Достық»

Қортынды:

Қазақстан! Біздің туған жеріміз осылай аталады. Ол өзге елдерден қонақжайлылығымен ерекшеленеді. Қазақ жері ұлан – байтақ. Батыста Каспий маңы ойпатынан шығыста Алтай тауына дейін 3000 км, ал солтүстіктен оңтүстікке қарай 1600 км созылып жатыр. Осындай кең байтақ өлкеміздің жері көлемі - 2 млн.700 мың шаршы километр.

Қазақстан дейтін менің бар елім,

Жатыр алып жарты дүние әлемін.

Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,

Ақпыз, қара, сарымыз,

Ағайынбыз бәріміз.

Ортақ болсын асар тау,

Жеміс толы бақша- бау.

Болсын жер мен су ортақ,

Болсын бізге ну ортақ.

Ақпыз, қара, сарымыз,

Ағайынбыз бәріміз!

Белгісіз автор

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.